АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
ИНДЕР АУДАНЫ
ИНДЕРБОР КЕНТІНІҢ
ӘКІМІ

АКИМ
ПОСЕЛКА ИНДЕРБОР
ИНДЕРСКОГО РАЙОНА
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

ӨКІМ

РАСПОРЯЖЕНИЕ

13.11.2024ж № 196

Индербор кенті

поселок Индербор

Мемлекеттік сатып алуды бір көзден алу тәсілімен тікелей шарт жасасу арқылы жүзеге асыру туралы

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434 Заңының (бұдан әрі - заң) 41 – бабының 4 – тармағына сәйкес және Мемлекеттік сатып алу саласындағы уәкілетті орган-Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № ДЗГЗ-01-ДЗ/12494-И түсіндірме-хатына сәйкес:

1. «2024 жылы мемлекеттік сатып алуды нормативтік-құқықтық реттеудегі өзгерістер мен толықтыруларға толық шолу. 2025 жылғы мемлекеттік сатып алу жүйесі субъектілерінің нормалау мен сатып алуды жоспарлаудың өзекті мәселелері. Міндеттемелерді орындау мен бұзушылықтар бойынша тәуекелдерді анықтау және алдын алу жөніндегі практикалық аспектілер.» тақырыбында семинар/форум/конференцияға қатысу үшін ақы төлеу бойынша Мемлекеттік сатып алуды, тапсырыс берушінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету, сондай-ақ мемлекеттік функцияларды не жарғылық қызметін орындау мақсатында, олардың рәсімдерінің ұзақтығына, сондай-ақ іс-шараға кідіріссіз қатысу қажеттілігіне байланысты бәсекелес тәсілмен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру мүмкін болмауына байланысты ҚҚС-сыз, жалпы сомасы 40 000 (қырық мың) теңгеге тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен Заңның 39 – бабы 3-тармағының 45-тармақшасын негізге ала отырып жүзеге асыру.

2. Сатып алуды ұйымдастырушы А.Қайыржанов мемлекеттік сатып алу веб-порталында шарт жасасу бойынша барлық қажетті іс-қимылдарды орындасын.

3. Осы өкімнің орындалысын бақылау кент әкімінің орынбасары К.Нуриевке міндеттелсін.

4. Осы өкім қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі.

Индербор кентінің әкімі **Ш.Альмурзиев**